

«№74 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ



*2022-2023 оқу жылы бойынша
әлеуметтік педагогтың
жылдық талдау қорытындысы.*

Әлеуметтік педагог: Елекеева Ж.А.

**2022-2023 оқу жылы бойынша әлеуметтік педагогтың
жылдық талдау қорытындысы.**

Мақсаты: әлеуметтік педагогтың жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қорытындысын шығару, салыстырмалы көрсеткішін анықтау және жаңа оқу жылының жоспарына енгізетін ұсыныстар жасау

Жұмыс объектісі - оқушылар, олардың ата-аналары және отбасылары. Оқушылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүргізілген жұмыстарға тоқталатын болсақ:

Мектептің әлеуметтік төлқұжаты

№	Әлеуметтік санаттар	Саны
1	Барлығы:	406
	Қызы:	203
	Ұлы:	203
2	Толық отбасы балалары:	367
3	Толық емес отбасы балалары:	39
4	Жетім бала саны:	1
5	Анасы жоқ балалар /қайтыс болған/	5
6	Әкесі жоқ балалар /қайтыс болған/	12
7	Толық емес отбасы /ажырасқан/	21
8	Көп балалы отбасыдан шыққан оқушы	77
9	Жеке үйде тұратын оқушылар	398
10	Пәтер жалдап тұратын оқушылар	8
11	Үйден оқытылып отырған оқушы	1
12	Инклюзивті бала саны	1
13	Сенімхатпен туыстарының үйінде тұратын оқушылар	5
14	Мүгедек ата-аналар саны:	5
15	Өзге ұлт өкілінің балалары	2
16	Өгей анасымен тұратын оқушылар саны:	3
17	Өгей әкесімен тұратын оқушылар саны:	2
18	Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылар саны:	8

Жоспар бойынша осы категорияға кіретін оқушылармен жұмыс жасалып, жүргізілді. Мектепшілік есептегі, өгей ата-анасында тәрбиеленіп отырған білім алушылардың отбасын бақылау мақсатында рейд жұмыстары жүргізіліп, жадынамалар таратылып қорытындыланды.



Сонымен қатар көп балалы және аз қамтылған отбасындағы оқушыларға әлеуметтік жағдайын зертеу мақсатында класс жетекшілер мен әлеуметтік педагог үйлеріне барып,

зерттеулер жүргізілді. Көп балалы және аз қамтылған отбасындағы балалардың жағдайы әр түрлі, сондықтан көмек қажет ететін оқушыларға Қамқорлық кеңесінің мүшелерімен бірігіп қолдау жасап, көмек көрсетілді.



2022-2023 оқу жылындағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған қамқоршылықтағы, білім мекемелерінде оқитын балалар жөнінде мәлімет

№	Аты-жөні	Туған жылы	Класс	Статусы
1	Есентай Зангир Есентайұлы	30.07.2011	5 А	Жетім

Баланы тәрбиеге алған соң, тәрбиешілердің отбасы мүшелеріне және тәрбиеге алған балаға әлеуметтік-психологиялық және құқықтық көмек көрсетіледі. Сол бойынша біз отбасы мүшелерімен тығыз байланыста болып, жеке сұхбаттар жүргізіп, баланың білім алуға, тәрбиеленуге қандай мүмкіндігі бар екенін қадағалап, отбасының шешімін жүзеге асыруға көмектесіп қол ұшын береміз.


Қамқоршы ата-ананың үйіне барып, баланың жағдайын зерттеу арқылы акт құрылды. Құрылған актінің нәтижесі бойынша қамқоршылық тәрбиедегі білім алушының үйі гигиеналық жағынан таза. Әр зат өз орындарында тұр. Тұрмыстық жағдайға керекті заттардың бәрі бар. Қамқоршылары балаға жақсы қарайды. Уақытында есептерін тапсырып тұрады. Мектептен қаржылай көмек берілді. Сабақтан кешікпейді, себепсіз қалмайды.

Қамқоршысы мен қорғаншы арасындағы қарым-қатынас зерттелінді. Әр білім алушының 6 ай сайын құжаттары реттестіріліп, жинақталды. Мінездеме, денсаулығы туралы анықтама, қамқоршыларының есептері, үй кезегіндегінің нешінші болып өзгергенін анықтайтын корешок, ГЦВП-дан жәрдемақы алатындағын растайтын құжаттар алынды. Отбасы банктен ашылған есепшоттары қадағаланып, ай сайын толықтырылуы қадағаланды. Мектепте ұйымдасырылған жәрмеңкеден қазан айында 10 мың теңге көлемінде есепшотына салынса, сәуір айында демеушілердің қолдауымен 10 мың теңге аударылды.

Жылдық жоспар негізінде оқу жылы бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы өткізілді. Акция барысында тамыз айынан бастап жетім, атаулы әлеуметтік көмек алатын, күнкөріс деңгейінен төмен отбасы балаларына әр оқушыға 37389 теңге көлемінде барлығы 20 оқушыға қаржылай көмек берілді.

Қазан айында қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылып түскен қаражаттан 3 оқушыға (Өмірзақ Ислам, Өмірзақ Мақсат, Өмірзақ Рамазан) мектеп формасы, 1 оқушыға (Ерланова Еркеназ) қыстық күртеше, етік алынып берілді. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектебіміздің II кезеңде оқитын 175 оқушысына жарықшағылыстырғыш лента тарту етілді. Көпбалалы отбасы Өмірзақовтарға 1 реттік азық түлік жиынтығы табысталды.



Бірлескен жоспарлар негізінде «Тұрмыстық зорлық-зомбылық және оның алдын-алу» тақырыбында ата-аналармен профилактикалық кездесу, «Қылмыстық, әкімшілік құқықбұзушылықтар үшін жауапкершілік» тақырыбында жоғарғы класс оқушыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілді.





«Қазақ педагогикасы» республикалық ғылыми-әдістемелік, ақпараттық-танымдық педагогикалық журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Қазіргі педагогика: теориялық және практикалық зерттеулер» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына белсенді түрде қатысып, ғылыми-әдістемелік бағыттағы жұмысым жарияланды және алғыс хат пен диплом иемдендім. 2022 жылдың қараша айында «Инклюзивті білім берудегі академиялық теңдікті қамтамасыз ету стратегиясы ретінде оқытудың вариативті тәсілдері» атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалары бар отбасылармен жұмыс» тақырыбында материалұсынып жинаққа шығарылды. Наурыз айында «Жалпы білім беретін мектептерде педагогтар, мектеп психологы, әлеуметтік педагог, логопед қызметі арқылы инклюзивтік кеңістікті қалыптастырудың тиімді жолдары» тақырыбында қалалық семинарда өз тәжірибеммен бөлістім.



Инклюзивті білім алушы Тама Мерей қалалық «Күз – алтын мезгілі» сырттай сурет байқауында үздік нәтиже көрсеткені үшін ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды.



Ақпан айында жекелеген санаттағы 3 оқушыны (Айжарық Еркеназ, Айжарық Бейбарыс, Айжарық Аягөз) жеке кәсіпкер Хайруллин Самат Гагизович қыстық күртеше, аяқ киімдермен қамтамасыз етті.



1 маусым Халықаралық балаларды қорғау күніне орай демеушілер тарапынан барлығы 300 оқушыға тәтті балмұздақтар таратылды.



«Президент шыршасына» мектебімізден қорғаншылықтағы бала 5 «А» класс оқушысы Есентай Зангир қатысып 100 мың теңге ақшалай сыйлық, кітап және жаңа жылдық тәтті сыйлық иемденіп қайтты.



Қала әкімінің шыршасына 8 оқушы сұранысқа берілді, сыйлықтары мектептен таратылды. Олар: Өмірзақ Аянат, Өмірзақ Ислам, Дәуренбекова Толғанай, Серікбай Абай, Мұхтарқызы Ақерке, Алиева Жансая, Тама Мерей, Сыдыкова Көркем. Аталған оқушыларға Жаңа жылдық тәтті сыйлықтар таратып жақсы көңіл-күй сыйладық.



Мектептен жетім, ерекше білімді қажет ететін, үйден оқытылатын және жекелеген санат оқушыларына жаңа жылдық сыйлықтар таратылды. Барлығы 31 білім алушы сыйлықпен қамтылды. Одан бөлек «Әкелер мектебінің» жетекшісі А.Кулов мырза 10 оқушыға жаңа жылдық тәтті сыйлық, Алматы ауданы әкімдігінің шыршасынан 4 оқушы, қалалық білім бөлімінің шыршасынан 2 оқушыға жаңа жылдық тәтті сыйлықтар табыстады.



Ыстық тамақпен қамту туралы:

2022 жылдың тамыз айынан бастап жетім, атаулы әлеуметтік көмек алатын т.б. білім алушылардан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына сәйкес мектеп асханасында ұйымдастырылатын ыстық тамаққа 24 оқушыдан құжат қабылданды. Соның ішінде АӘК алатын - 6 оқушы, күнкөріс деңгейі бойынша - 4 оқушы, жетім - 1 оқушы, білім беру ұйымының алқалы органы шешімі бойынша - 21 оқушы құжаттары жинақталып, ыстық тамақпен қамтылды.




Жыл басында мектеп асханасының жұмысын бақылау мақсатында комиссия мүшелері бекітіліп, жоспар құрылып жұмыстар жүргізілді. Ай сайын асханаға комиссия мүшелері тексеру жұмыстарын жүргізіп акт, хаттамалары толтырылды.

14-21 қазан аралығында «Денсаулық кепілі-дұрыс тамақтану» тақырыбында апталық ұйымдастырылды. Класс жетекшілер, мектеп медбикесімен бірлесіп жоспар бойынша жұмыстар өз деңгейінде жүргізілді. Сәуір айында дұрыс тамақтану күніне орай 1 класс оқушыларына «Үйлесімді тамақтану-денсаулық кепілі» тақырыбында танымдық сағаттар өткізілді.



Мемлекеттік білім беру ұйымдарының оқушылары мен оқушыларының жекелеген санаттарына мемлекеттік және мектеп лагерьлерінде демалысты қамтамасыз ету бойынша қала сыртындағы «Әсем» лагеріне 10 оқушыға жолдама берілді. Құжаттары жинақталып, оқушылар 7-18 маусым аралығында демалып келеді.



Ұсыныстар:

1. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың қамқоршы ата-аналары оқушылардың арнаулы есеп шоттарын жүйелі түрде толықтырса;
2. Жекелеген санат отбасы балаларының әлеуметтік жағдайына қарай қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірігіп қолдау жасап, көмек көрсетуді жалғастыру;
3. Әлеуметтік санаттағы оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруды жоспарлау.

Әлеуметтік педагог: Ж.А.Елекеева